



Аудитордың тәуелсіз қорытындысы



Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп

«Самұрық-Энерго» Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін қорытынды

Біз «Самұрық-Энерго» АҚ және оның іріктеліп көретілген еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі – «Компания») 2024 жылғы 31 желтоқсаны және осы күні аяқталған жылдың жағдайы бойынша Интеграцияланған жылдық есептің (бұдан әрі – «Жылдық есеп») 122-414 беттерінде және берілген есептің Қосымшасында көрсетілген Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпараты бойынша шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру тапсырмасын орындадық.

Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпарат Жылдық есептің GRI 2-2 «Ақпарат периметріне» сәйкес Компанияға қатысты ақпаратты көрсетеді.

Орындалған іс-шаралар мен алынған дәлелдердің қорытындысы бойынша біздің назарымызға Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпараттың Жаһандық есеп беру бастамасы (GRI) жариялаған GRI тұрақты даму саласындағы есеп стандарттарына (бұдан әрі – «GRI стандарттары») сәйкес маңызды дәрежеде дайындалмағандығы жөнінде ешқандай деректер түскен жоқ.

Қорытынды үшін негіз

Біз Халықаралық аудит стандарттары және ақпараттың дұрыстығын растау комитеті шығарған 3000 (қайта қаралған) «Аудитпен немесе өткен кезеңдердің қаржылық ақпаратын шолып тексеруден бөлек сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» сенімділікті қамтамасыз ететін Халықаралық тапсырмалар стандартына сәйкес шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындадық.

Біздің ойымызша, алынған дәлелдер біздің қорытындыға негіз болу үшін жеткілікті және тиісінше берілген. Осы стандарт бойынша біздің жауапкершілігіміз әрі қарай «Біздің жауапкершілігіміз» бөлімінде сипатталған.

Біздің тәуелсіздігіміз және сапа менеджментіміз

Біз адалдық, объективтілік, кәсіби құзыреттілік пен адал ниеттілік, құпия сақтау мен кәсіби мінез-құлық ұстану туралы негізгі қағидаттарында негізделген бухгалтерлерге арналған Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің (БХЭСК кодексі) Кәсіби бухгалтерлердің кәсіби этикасы кодексінің (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қосатын) тәуелсіздік және өзге де этикалық талаптарына сай болдық.

Біз этикалық талаптарға, кәсіптік стандарттарға және қолданылатын құқықтық және заңнамалық талаптарға сәйкестікке қатысты саясаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, сапаны бақылау жүйесін әзірлеуді, енгізуді және оның жұмыс істеуін ұйымдастыруды талап ететін 1-Санамы басқару жөніндегі халықаралық стандартты қолданамыз.

Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпарат үшін жауапкершілік

Компания Басшылығы келесі рәсімдерге жауапты:

- GRI стандарттарына сәйкес Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратты дайындауға;

«ПрайсуотерхаусКуперс Такс Энд Эдвайзорс» ЖШС
Q2 Бизнес-центр, 4 қабат, Қабанбай батыр даңғылы 15/1, «Есіл» районы, Астана, Қазақстан, Z05M6H9
T: +7 (7172) 55 0707, Ф: +7 (7172) 55 07 08, www.pwc.kz



- Компания Басшылығы әділетсіз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын GRI стандарттарына сәйкес Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратты дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесін дайындауға, енгізуге және қамтамасыз етуге; және
- Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпарат дайындау әдістерін таңдау мен қолдануға, сондай-ақ берілген жағдайларда ақылға қонымды болжамдар мен бағалауларды жасауға.

Директорлар кеңесі Компанияның Тұрақты дамуы туралы есеп-қисабын дайындау процесін қадағалауға жауапты.

Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратты дайындауға тән шектеулер

GRI стандарттары бойынша әртүрлі, бірақ қолайлы өлшеу және есеп беру әдістерінің ауқымы бар. Бұл Әдістер басқа ұйымдармен салыстырылуына әсер етуі мүмкін айтарлықтай әртүрлі есеп беру нәтижелеріне әкелуі мүмкін. Сондықтан, Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпарат Жылдық есепте сипатталғандай Компания Басшылығы қолданатын және тек Компания жауапты болатын әдістемемен бірге оқылуы керек.

Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз – Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратында алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулардың жоқтығына шектеулі сенімділікті қамтамасыз ету үшін ақпараттың дұрыстығын растау жөніндегі тапсырманы жоспарлау және орындау және біздің қорытындыны қамтитын шектеулі сенімділік есебін шығару. Бұрмалаулар алаяқтықтан немесе қателіктен туындауы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпараты негізінде қабылданған пайдаланушылардың шешімдеріне әсер етеді деп күтілсе, маңызды болып саналады.

ISAE 3000 (Қайта қаралған) Халықаралық сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалардың стандартына сәйкес шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманың бөлігі ретінде біз кәсіби пайымдау жасап, тапсырма барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сондай-ақ, біз келесі шарттарды орандаймыз:

- Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратты дайындау үшін негіз ретінде Компанияның GRI стандарттарын пайдаланудың жарамдылығын анықтаймыз.
- Компанияның ішкі бақылауларының тиімділігі туралы қорытындыны беру мақсатында емес, алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулардың қай жерде туындауы мүмкін екендігін анықтау үшін тапсырмаға қатысты ішкі бақылау туралы түсінік алумен қоса, тәуекелді бағалау рәсімдерін орындаймыз.
- Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратында елеулі бұрмаланулар орын алуы мүмкін жағдайға жауап беретін процедураларды құрастырамыз және орындаймыз. Алаяқтықтан туындайтын елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қатеден туындағанға қарағанда жоғары, өйткені алаяқтық сөз байласуды, жалғандықты, қасақана әрекетсіздікті, бұрмалауды немесе ішкі бақылауды болдырмауды қамтуы мүмкін.

Орындалған жұмыстың қысқаша сипаттамасы

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпарат туралы дәлелдерді алу үшін процедураларды орындауды қамтиды. Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма процедуралары мәні мен уақыты ақылға қонымды ақпараттың дұрыстығын растау жөніндегі тапсырмаға қарағанда өзге және азырақ болып келеді. Демек, шектеулі сенімділікті



қамтамасыз ететін тапсырмадан алынған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырма орындағанға қарағанда айтарлықтай төмен.

Таңдалған рәсімдердің сипаты, мерзімі мен көлемі кәсіби пікірге, соның ішінде әділетсіз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратта маңызды бұрмаланулардың туындау мүмкіндігін анықтауға байланысты болады.

Шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде біз келесі рәсімдерді орындадық:

- Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратты дайындауға қатысты Компанияның есеп беру процестері туралы түсінік алдық;
- Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратқа қатысты бар тиісті қызметкерлермен сұрау жүргіздік;
- Деректердің дұрыс есептелгенін, жазылғанын, салыстырылғанын және ашылғанын тексеру үшін Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпараты негізінде үлгілік негізде шектеулі мазмұнды тестілеу жүргіздік.

Пайдалану және тарату бойынша шектеулер

Біздің есеп тек Компанияның Директорлар кеңесіне, біздің арамызда жасалған келісімге сәйкес Компанияның және оның іріктеліп көрсетілген еншілес кәсіпорындарының тұрақты даму саласындағы қызметі және осы қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты Компания Басшылығына ашуға, сондай-ақ Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есеп алу арқылы корпоративтік басқару саласындағы міндеттерді орындауға жәрдемдесу мақсатында дайындалған. Сондықтан, Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратты басқа мақсаттарда пайдалану мүмкін емес және пайдаланылмауы керек.

Біз бұл есептің мазмұнын Компанияның веб-сайтында жарияланатын Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпараттың Жылдық есеп ішінде жариялауға рұқсат береміз. Компания веб-сайтының сақталуы мен тұтастығы үшін Компания Басшылығы жауап береді. Біз жүргізетін жұмыс осы мәселелерді қамтымайды және сәйкесінше, Компания веб-сайтында жарияланған Тұрақты даму туралы таңдаулы ақпаратқа енгізілген өзгерістер үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алмаймыз.

Тиісті шарттар жазбаша түрде тікелей келісілген және жазбаша түрде біздің алдын ала келісіміміз алынған жағдайларды қоспағанда, біз заңмен рұқсат етілген толық көлемде біз Компаниядан басқа ешкімнің алдында жұмысымыз немесе осы есеп үшін жауапкершілікті қабылдамаймыз, немесе өзімізге алмаймыз.

PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory LLP

5 маусым 2025 жыл
Астана, Қазақстан



2025 жылғы 5 маусымдағы шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тәуелсіз тексеру нәтижелері туралы есепке 1-қосымша

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған, Жылдық есептің 122-414 беттерінде көрсетілген және "Самұрық-Энерго" Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Компания") әзірлеген GRI стандарттарына, әдіснамаға және Басшылыққа сәйкес дайындалған және шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін рәсімдердің нысанасы болған жыл үшін таңдаулы ақпарат төменде келтірілген:

GRI Стандарт	Есептелген өнімділік (таңдалған ақпарат)
2-7	Қызметкерлер
2-8	Қызметкер болып табылмайтын жұмысшылар
2-27	Зандар мен ережелерді сақтау
2-30	Ұжымдық шарттар
201-1	Жасалатын және бөлінетін тікелей экономикалық құндылық
201-4	Мемлекеттен алынған қаржылық көмек
203-1	Инфрақұрылымға және көрсетілетін қызметтерге инвестицияларды әзірлеу және әсер ету
203-2	Елеулі жанама экономикалық әсерлер
204-1	Жергілікті жеткізушілерге жұмсалған шығыстардың үлесі
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және рәсімдер мәселелері бойынша ақпараттандыру және оқыту
205-3	Сыбайлас жемқорлық фактілері және қабылданған шаралардың расталуы
302-1	Компания ішіндегі энергияны тұтыну
302-3	Энергия сыйымдылығы
302-4	Энергия тұтынуды азайту
303-3	Су алу
303-4	Суды ағызу
303-5	Су тұтыну
304-1	Ерекше қорғалатын аумақтарда және ерекше қорғалатын аумақтардан тыс жоғары биоәртүрлілік құндылығы бар аумақтарда меншігіндегі, жалға алынған, басқарылатын немесе оларға іргелес жатқан операциялық учаскелер
304-2	Қызметтердің, өнімдердің және қызметтердің биоәртүрлілікке елеулі әсері



304-4	Операциялар әсер еткен аумақтардағы мекендеу орындары бар IUCN Қызыл тізіміне енгізілген түрлер және ұлттық қорғау тізіміндегі түрлер
305-1	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (1-қамту)
305-2	Парниктік газдардың энергетикалық жанама шығарындылары (2-қамту)
305-4	Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы
305-5	Парниктік газдар шығарындыларын азайту
305-7	Атмосфераға азот оксидтерінің (NOx), күкірт оксидтерінің (SOx) және басқа да маңызды ластаушы заттардың шығарындылары
306-1	Қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты елеулі әсерлер
306-2	Қалдықпен байланысты елеулі әсерлерді басқару
306-3	Түзілген қалдықтар
401-1	Жалданған жұмысшылар және кадрлардың ауысуы
401-2	Уақытша немесе толық емес жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін толық уақытты қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер
401-3	Бала күтімі бойынша демалыс
403-8	Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелерін басқару жүйесімен қамтылған қызметкерлер
403-9	Өндірістік жарақаттар
404-1	Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны
404-3	Тұрақты өнімділік пен мансаптық дамуды бағалайтын жұмысшылардың пайызы
405-1	Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі
406-1	Кемсітушілік оқиғалары және қабылданған түзету шаралары
418-1	Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылықты бұзуға және тұтынушы деректерінің жоғалуына қатысты дәлелді шағымдар

UNCTAD көрсеткіштер кестесі

Сала		Көрсеткіштер	Қызмет нәтижелері
А Экономикалық сала			
A.1	Кіріс және/немесе (таза) қосылған құн	A.1.1: түсім	573 490 млн теңге
		A.1.2: қосылған құн	88 153 млн теңге
		A.1.3: таза қосылған құн	29 055 млн теңге
A.2	Мемлекетке аударымдар	A.2.1: мемлекетке салықтар және басқа да аударымдар	93 424 млн теңге
A.3	Жаңа инвестициялар/ шығындар	A.3.1: «жасыл» инвестициялар	14.4 миллиард теңге
		A.3.2: әлеуметтік салаға инвестициялар	347 млн теңге
		A.3.3: зерттеулер мен талдамаларға арналған жалпы шығындар	-
A.4	Жергілікті жеткізу/сатып алу бағдарламаларының жалпы құны	A.4.1: жергілікті жерлерде сатып алудың пайыздық үлесі	98%
В Экологиялық сала			
B.1	Су ресурстарын тиімді пайдалану	B.1.1: судың қайта айналымы	8 260 мегалитр – қайта пайдаланылған су көлемі; 3 541 091 – қайта өңделген су көлемі
		B.1.2: суды пайдалану тиімділігі	Алынған судың жалпы көлемі 80 188 759,2 мың м³ құрады
		B.1.3: су ресурстарына жүктеме	2024 жылы су тартылуы: ■ жер асты сулары – 5907,5 мегалитр ■ жер үсті сулары – 80 138 803 мегалитр ■ муниципалды және басқа су жүйелері – 41 760,9 мегалитр ■ дренаж/шахта және карьер сулары – 2 010,3 мегалитр
B.2	Қалдықтарды жою	B.2.1: қалдықтарды азайту	2024 жылы Компания түзетін қалдықтардың жалпы көлемі – 108 784 900 тонна.
		B.2.2: қалдықтарды қайта өңдеу	Қалпына келтірілген қалдықтардың жалпы көлемі ■ Компанияда – 9 843,86 ■ Компаниядан тыс – 25 945,88
		B.2.3: қауіпті қалдықтар	534 тонна
B.3	Парниктік газдар шығарындылары	B.3.1: тікелей парниктік газдар шығарындылары (1-қамту аумағы)	32,007 млн тонна CO ₂ -экв.
		B.3.2: жанама парниктік газдар шығарындылары (2-қамту аумағы)	0,014 млн тонна CO ₂ -экв.